



«Рухани жаңғыру» және ұлттық құндылықтар

Мен еліміздің бір тұлғасы ретінде заман талабына сай көштен қалмай соңғы жаңалықтарға көз жүгіртіп, назардан тыс қалдырмауға тырысамын. Қазақстанның тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың еліміздегі рухани жаңғырудың тұжырымдамалық бағдары қарапайым азамат түсінетін, баршаға ұғынықты, бай әрі ықшам тілмен жеткізілген. Оның басты мақсаты – ұлт жоспарын орындау аясында едемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру болып табылады. Рухани жаңғыру бағдарламасының білім саласына қатысты тұсы - келе-

шек ұрпақты кемел білімге сусындататын үлкен мүмкіндік. «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген қазақ мақалының мән - маңызы ешқашан кемімек емес. Керісінше, уақыт өтіп, заман өзгерген сайын халық нақылының құндылығы артып келе жатыр. Өйткені алдағы дәуір - нағыз білімділердің дәуірі болмақ.

Қазір бәсекеден тыс қалған бірде - бір сала жоқ. Ал барлық саланың қарыштап дамып, өркендеп өсуі білім мен ғылымның даму қарқынына тәуелді.

Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бөрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Иә, үрейлі көрінуі мүмкін, бірақ алдағы санаулы жыл ішінде бүгінгі қолданыстағы кәсіп түрлерінің төң жартысы қажетсіз болып қалары анық. Бұл мыңдаған адамға табыс көзінен айрылу қаупін тудырады. Мұндай қатер келешегін күні бұрын болжай білген мемлекеттер үшін ғана қауіпсіз. Жеткен жетістігіне тоғаймай, тың бағыт, жаңа бағдар таба білген елдер ғана осы сындарлы кезеңнен сүрінбей өтеді.

Менің міндетім – балаларды туған табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеп, оның әсемдігін терең сезінуге, есімдіктер мен жануарлар дүниесін қамқорлыққа алуға баулу арқылы, университетте табиғат жөнінде қарапайым білім беріп, осының

негізінде тірі және өлі табиғаттағы құбылыстар туралы нақты жалпылама түсінік қалыптастыру болды. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ең алдымен экология оқу қызметімен пәнаралық байланыс ұйымдастырдым, оқу қызметтерін табиғат аясында өткізу арқылы табиғаттың әсемдігін сезіндіріп, оны қорғауға тәрбиелеу.

Сөзімді қорытындылай келе, мен өз оқу ордамда ізденімпаз оқытушы ретінде студенттердің білімге деген құштарлығын арттырып, оны әрі қарай шыңдап, бүгінгі заман талабына сай етіп, жеке тұлға қалыптастыруда аянбай еңбек етуге жұмыстанамын. Мен өз кәсібімнің, жасап жүрген білім ошағын беделін арттыру мақсатында өзіндік қадамдарымды жасап келемін. Ұстаз жан - жақты болуы шарт деп есептеймін. Мағжан Жұмабаев атамыз өзінің ұлағатты бір сөзінде былай деген: «Баланы тәрбиешінің өзіндей қылып шығармай, келешек заманына лайықтап дайындау керек». Иә, Мағжан атамыз айтқан даналық ой бүгінгі күнгі білімді ұрпаққа қаратылып айтылғаны көрініп тұр. Өйткені елдің ертеңгі тірегі – жастарымыз. Олар заман талабына сай тәрбиеленуі тиіс деп есептеймін.

**А.М.Шымырбекова,
С.Е.Томарбаева,
М.Әуезов ОҚУ-нің**

«Техникалық мамандықтар бойынша шет тілдері» кафедрасы оқытушылар

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

Шымкент қаласында Перматов атындағы №17 жалпы орта білім беретін мектепте «Бақытты отбасы – бақытты балалық» атты қайырымдылық концерті өтті. Концертке ерекше назарды қажет ететін оқушылар шақырылып, түрлі шөберлік сөзтері көрсетілді, мектептің Қамқоршылық кеңесі тарапынан төттілер таратылды. Мектептегі үйірмелердегі оқушылар өз өнерлерін үйде оқытылатын оқушыларға, ерекше назарды қажет ететін оқушыларға тарту етті. «Домбыра» үйірмесі, би үйірмесі, «Қолөнер/сурет» үйірмесі, «Робототехника» үйірмесі, «Көркем сөз» үйірмесі жұмыстарын көрсетті. Мектептің Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ағабек Қазанбай үнемі қайырымдылық істерді қолдап жүреді.